

«Есеп беретін Үкімет»
қашан қалыптасады?



3-БЕТ

Қауіпсіз қоғам құру
жолындағы маңызды қадам



6-БЕТ

Көз арбаған Көкше



8-БЕТ



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

ЗАН газеті

zangazet@mail.ru

№50 (3679)
5 шілде 2024



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ШАНХАЙ ОНДЫҒЫ» СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР БАҒЫТТАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ



Елордадағы Тәуелсіздік сарайында Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті өтті. Ұйымға мүше мемлекеттер басшыларының осынау алқалы жиынына Қазақстан төрағалық етті.

(Соңы 4-бетте)

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ТАМЫРЫНА БАЛТА ШАБУ – ОРТАҚ ІС

Жең ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлықтың барлық салаға кері ықпалын тигізіп жатқаны рас. Қоғамның ащы запыранына айналған замана кеселімен күрес жүйелі түрде жүргізілгенімен, жемқорлықты түпкілікті жою мүмкін болмай тұр. Дегенмен еліміздегі мемлекеттік органдар мен мекемелерде аталған бағытта жүйелі түрде жұмыс жүргізіліп келеді. Бұған еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдардың да қатаңдатылуы әсер еткені анық. Түйткілді мәселе халыққа құқықтық қызмет көрсететін мемлекеттік органдарда қаншалықты шешімін тапқанын білу мақсатында Ақмола облысы әділет департаментінің зияткерлік меншік құқығы бөлімінің басшысы Самат САЙДАЛИНДІ әңгімеге тартқан едік.

– Қоғамның ауыр дертіне айналған сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқықбұзушылықтары, өкінішке қарай, азаяр емес. Бұл орайда еліміздің заңнамаларында қандай өзгерістер керек деп ойлайсыз?

– Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық – азаматтардың өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатына тікелей әсер ететін заманауи қоғамның негізгі өзекті мәселелерінің бірі. Әлемдегі бірде-бір мемлекет сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жоя қойған жоқ. Бір қуантарлығы, мемлекетіміздің осы әлеуметтік зұлымдыққа қарсы белсенді түрде күресіп жатқанын атап өткен жөн. Оның айқын дәлелі қоғам індетін азайтуға бағытталған мақсатты шаралардың қатары мен оның нәтижесі көтеріліп келеді. Мұнымен қатар, заңнамалық тұрғыда да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жоюға қатысты бірқатар оң өзгерістер бар. Мәселен, 2023 жылғы 3 қаңтарда Мемлекет басшысы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Бұл заң еліміздің мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлықты түбірімен жоя қоймаса да, тамырына балта шабуға ықпалды деуге болады.

(Соңы 5-бетте)

АҚ ПЕН ҚАРА

АРДАГЕР СУДЬЯ КӨМЕК СҰРАЙДЫ

Мен Алматыдағы ҚазГУ-дің заң факультетін бітіре сала, 1972 жылы судьялық қызметімді Семей облыстық сотының судьялығына сайланудан бастап, сол сотта 7 жыл қызмет істеп, мол тәжірибе жинақтадым. Ол кезде Семей облыстық соты республика бойынша алдыңғы сапта жүретін еді. ҚР Жоғарғы Сотының судьясы болған Р.Юрченко, С.Райымбаев, И.Маркин, А.Каженов, Н.Кравенко сияқты мықты судьялармен бірге жұмыс істедім. Осы сотта жүргенімде мені де Жоғарғы Сотқа ауыстырмақ болған. Бірақ мен партия мүшелігіне өтпегендіктен, сол сотта істей бердім, карьера қумадым.

1979 жылы сот жүйесі ҚР Әділет министрлігінің қарамағында болған кезде сол кездегі министр Б.Жусуповтың бұйрығымен судьялық жалғым сақтала отырып, Талдықорған облыстық әділет басқармасына ауыстым. Онда сот жұмысы бойынша бас консультант болып 1993 жылға дейін қызмет атқардым. Сол жылдары облыстағы аудандық, қалалық соттардың жұмысын қадағалап, кешенді немесе арнайы тексерістер жүргізіп, сот тәжірибелерін зерттеп, кеткен кемшіліктерді жойып, сот сайлауларын, оперативтік мәжілістерді өткізісіп, судьяларды оқытып, тәжірибеден өткізіп, қажет болғанда, демалысқа кеткен немесе

ауырып қалған судьялардың міндеттерін уақытша атқарып та жүрдім. Қызмет бабына орай өзімнің болашақ бастықтарымың да жұмыстарын тексеріп, кемшіліктер мен қателіктерін жойысып, жалпы, сот жұмыстарына жетекшілік еткенім сол кездегі де, кейінгі кездегі де сот қауымдастығына аян. Облыстық сот төрағалары болған М.Нұрбеков, Б.Мақұлбеков, С.Байбатыров, Т.Бәрпібаев, Р.Биділданов, ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы болған марқұм М.Нәрікбаев, Б.Бекназаров, т.б. жақсы біледі. Әділет басқармасында істеген қызметім тек сот жұмыстарына байланысты болды, сондықтан да судьялық өтілім жалғаса берді.

14.06.1993 жылы мен таза судьялық жұмысқа қайта ауыстым. Сөйтіп, Талдықорған облыстық сотының судьялығына тағайындалдым. Екі облыс қосылғанда, Алматы облыстық сотының судьясы болып қайта тағайындалдым. Сол сотта ойдағыдай істеп жүріп, 2004 жылдың аяғында ойламаған жерден «жасы асты» деген негізде зейнетке шығып кетуге тура келді.

Ойда жоқта дейтін себебім, дүниежүзілік стандартқа сай, Елбасының Жарлығымен біз өмірлік әрі тұрақты судья болып тағайындалған болатынбыз. Ол күші жойылмаған заң бізге одан әрі қуат бере түсті. Өз басым соған дайын да едім. Пәле-жаладан аулақ, заңдылық пеп әділеттілік жолынан еш тайған емеспін. Денсаулық та мықты еді. Қызмет істесем болды, пенсиясыз да өмір сүрем деп жасым 60-тан асса да, бір жарым жылдай пенсия тағайындауға арыз да бермей жүрдім. Пенсияға атанғым келмеді. Өзімше мемлекеттің бізге деген құрметінің сәл де болса өтемі, қайтарымы болсын деп, өз құқымы саналы түрде іске асырмай жүрдім. Сол 2004 жылы қолданыстағы «Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы»

Конституциялық заңының 34-бабында судья тек отставкаға немесе өз еркімен жұмысынан кетем деп арызданса ғана қызметі тоқтатылады деп анық, нақты көрсетілген болатын. Ол кезде заңда қанша жасқа жеткенше судьялық қызмет атқаруға болатыны көрсетілмеген, шектеу болмаған еді. 2004 жылға дейін ешбір судьяға отставка берілмеген де болатын. Міне, мен осы заңға сүйенгендіктен, ешқандай арыз жазбадым. Пенсияға да, отставкаға да сұранбадым.

Судьялық қызметімді білікті маман ретінде бір кісідей адал атқарып, сот жүйесінің ардагері болдым. Жұмыс десе ішкен асты жерге қоюшы едім. Қарапайымдылық, адалдық, шындық, әділдік, заңдылықты өмір бойы тудай көтердім. Қартайып зейнетке шығып қалсам да, өміріміз қиын болар деген ой болмаған. Үзіліссіз ұзақ жылдар қызмет істегендіктен, жоғары мөлшердегі зейнетақыға қол жеткізетініме өзімнің еш күмәнім болған емес. Ол кезде судьялардың зейнетақы мөлшері жалпыға бірдей, тым аз болатын.

2004 жылдың соңына таман ҚР Жоғарғы Соты тарапынан пенсияға жасы жеткен судьялар арыз берсе, отставкаға шығу құқы беріледі деп, судьялардан арыз қабылдай бастады.

(Соңы 2-бетте)

Баспасөз – 2024

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне, «Заң» журналына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

2. «КазСнабТрейддинг» ЖШС, БСН 17104001146, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, Д.Әлжанов көшесі, 25 үй, пошта индексі 160500.

3. «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімінің Ярославка ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 990440005782, өзінің жойылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 020900, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Есіл қаласы, Әуезов көшесі, 19.

4. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі ветеринария басқармасының «Бөрлі аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, БСН 120340014946, заңды мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Юбилейная көшесі, үй 12, басшысы Махмудов Жанбулат, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Юбилейная көшесі, үй 12. Тел. 8 (71133) 20-4-71.

5. «ЕСТАЙ 2009» ЖШС, БСН 211240026343, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Айнабұлақ ауылы, Мерек көшесі, 2 үй. Тел. 87051645282.

6. «Оптовик импорт» ЖШС, БСН 120340007091, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 74 үй, 17 пәтер, тел. +77473890911.

7. «Бакберди» ЖШС, БСН 210640036144, заңды өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 080200, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылдық округі, Аса ауылы, Гагарин көшесі, 52 үй. Тел. 87077990340.

8. «Қосүйенкі - Орлеу» ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі, (БСН 161240024820) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекен жайда қабылданады: Қазақстан Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қосүйенкі ауылы, Алтынбек Нұржігітов көшесі, 44 үй.

9. «ЖАР-АС-ОПТ» ЖШС (БСН 000340016757) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, «Гурьевснаб» өндірістік аймағы, құрылыс 73, тел. 87753822717.

10. «Тана Ата» жеке қоры (БСН 160340006596) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, «Гурьевснаб» өндірістік аймағы, құрылыс 73, тел. 87753822717.

11. «Келесс» ЖШС (БСН 181140008938) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған

күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы обл. Алматы қаласы, «Алтын бесік» ықшамауданы, 2 үй, корп. 200, тел. +77058543172.

12. «JUPITER CONSTRUCTION» ЖШС (БСН 200640009938) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12 шағынаудан, 25 үй, 79 пәтер. тел. +77073005756.

25. «МиаКапитал» ЖШС, БСН 230640007342 Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 155 үй, п.м.117), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 58 үй, офис 211.

ӘЗІРГІ

23. ҚР ЭГЖТМ СРК «Қазсунар» ШЖК РМК Қостанай филиалы өзінің тұтынушылары мен басқа да қызғушы тұлғаларына кәсіпорынның 2024 жылдың 1 жартыжылдық қорытындысы бойынша прегіш гидротехникалық ғимараттардың көмегімен жоғары ағында реттеу қызметтері туралы есебін тыңдау болатыны жөнінде хабарлайды.
Тыңдау 2024 жылы 29 шілдеде сағ. 11-00-де Қостанай қ., Ш. Шаяхметов көш., 117 үй мекенжайында өтеді.
Facebook және Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында барлық мүдделі тұлғалар онлайн режимінде тыңдауға қатыса алатынын хабарлаймыз: (https://www.facebook.com/kazvodhoz.kostanay/), (https://instagram.com/kazvodhozko.stanay/?igshid=es44h16owtsn коғамдық тыңдауға қатысу үшін жоғарыда көрсетілген сілтемеге өту керек Facebook немесе «Instagram» kazvodhoz.kostanay іздеуге енгізу қажет.

18. «БҚО әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» ЖШС, БСН 010740002558, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 179 үй.

19. «АUA Finance» микроқаржы ұйымы» ЖШС (БСН 230240023855) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыру туралы 10.04.2023 ж. берілген №02.23.0010М. лицензияның қолданылуын тоқтатуға ерікті түрде жүгінгенін хабарлайды. Шағымдар мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қ., Алмалы ауданы, Нұрмақов к-сі, 150 үй, 41 пәтер.

20. «Orda Tower» ЖШС (БСН 180240006378) жарғылық капиталдың 300 000 (үш жүз мың) теңгеге дейін азайғанын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қ., Нұра ауд., Комсомольский тұрғын алабы, Қарашаш Ана к-сі, 16/1 үй, н.п. 1.

21. «Дивс» ЖШС (БСН 080240023545) өзіне «Modern-StroyGroupKZ» ЖШС-нің (БСН 220340008192) қосылуы арқылы қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Глубокое ауданы, Глубокое кенті, Попович көшесі, 48 үй, 85 пәтер, индекс 070500, тел. +77779933999.

22. «LOMBARD ZOLOTI SKARABEI» ЖШС, БСН 170840024168, құрылтайшының 13.03.2024 ж. №3 шешіміне сәйкес, өзінің микроқаржылық қызметін тоқтату туралы ерікті шешім қабылдады. Қарыз алушылардан хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайға хабарласуларыңызды сұраймыз: Қарағанды қ., Ғарышкерлер көшесі, 1Б үй, тел. 87079519062.

«Қазпочта» арқылы газетке жазылу нұсқаулығы



1	«Қазпочта» мобильді қосымшасын жүктеу	Ең алдымен Google Play/AppStore арқылы «Қазпочта» ресми қосымшасын жүктеп алыңыз	
2	«Басылымдарға жазылу» бөліміне өтіңіз	Бұл батырма басты бетте «жаңа» ерекшелік белгісімен көрсетілген	
3	«Заң газетін» тауып, таңдау	Егер тілмен табу қиындық тудырса, жоғарыдағы іздеу формасы арқылы іздеп көріңіз	
4	Қажетті мерзімді таңдау	Газетке қанша айға жазылуыңыз келетінін белгілеп, «Сетбекте қосу» батырмасын басыңыз. Келесі бетте тапсырысыңызды растаңыз	
5	Төлем жасау	Ыңғайлы төлем әдісін таңдап, төлем жасаңыз	

Байланыс нөмері: 1499

24. «Қазақстан Республикасы су ресурстары және ирригация министрлігінің су шаруашылығы комитеті» РММ «Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданы Сексенбай ауылындағы Малый Узень өзенінде су қоймасының құрылысы» техникалық-экономикалық негіздемесі (ТЭН). жоба бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 2024 жылғы 14 тамызда сағат 15: 00-де, БҚО, Қазталов ауданы, Қазталовка а.о., Қазталовка а. Шыныбай Шарафутдинов көшесі, 21-ғимарат мекенжайы бойынша өтеді, Zoom сілтемелері: <https://us05web.zoom.us/j/86846593831?pwd=QWV7ghb90e3F2wdyD3vAeyJ1uFaM2b.1>

Конференция идентификаторы: 868 4659 3831 кіру коды: Qn1h8N

Әсер ету аймағы:
49°78'00.98»С, 48°51'15.79» В,
49°78'00.56»С, 48°51'15.49» В,
49°78'00.42»С, 48°51'16.32» В,
49°78'00.87»С, 48°51'16.38» В

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган және адамның байланыс деректері – «Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru> сондай-ақ Ресми сайт <https://ecoportal.kz> / жоба бойынша құжаттама <https://ecoportal.kz/> Жұртшылық өкілдері жоба материалдарымен қағаз түрінде таныса алатын орынның мекенжайы – Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 20 б. Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «Қазақстан Республикасы су ресурстары және ирригация министрлігінің су шаруашылығы комитеті» РММ БСН: 910640000040, заңды мекенжайы: Астана қ., Есіл ауданы, Мөңгілік Ел даңғылы, 8 ғимарат. Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: «Қаз Гранд Эко Проект» ЖШС, тел. 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі 20 б, БСН 111040001588. Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87753245005, sholpik@mail.ru.

БАШҚОРТНЫҢ

13. Алматы қаласы МАЭС-ның 2024 жылғы 25 маусымдағы ұйғарымымен «New construction» ЖШС-не қатысты, БСН 040740004440, талап арызы бойынша банкроттық туралы іс қозғалды.

МҰРАҒЕРЛІК

14. 16.02.2024 ж. қайтыс болған Бекенов Алиби Кадыржанұлының атына мұрагерлік іс ашылуына байланысты, мұрагерлерін Маңғыстау обл., Мұнайлы ауд., Маңғыстау ауылы, 19 орам, 11 үй, 2 пәтер, нотариус Қарабашева Айна Науаповнаға хабарласуын сұраймыз. Тел. 87781195453.

15. 2024 жылы 09 қаңтарда қайтыс болған Байназаров Ергали Мирамовичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шнелі ауданы, Шнелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

16. 1993 жылы 30 желтоқсанда қайтыс болған Уызбаев Шегеннің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шнелі ауданы, Шнелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

17. 02.02.2024 жылы азамат Дуйсенбаева Алмагүлдің қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус М.С. Жанакүлованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 139 үй, 82 пәтер. Тел. 87059612201.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22.
E-mail: kaidybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.